

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС. ЖАҢАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕ

Мәдениеттегі айырмашылықтар 2-бөлім

2-тарау. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 5. Мәдениеттегі айырмашылықтар

Діни және этикалық жүйелер

Дін киелі дүниемен байланысты ортақ сенімдер мен ырым-жоралғылар жүйесі. Этикалық жүйе мінез-құлықты қалыптастыруға және оны басқаруға бағытталған моральдық принциптердің немесе құндылықтардың жиынтығын білдіреді. Әлемдегі этикалық жүйелердің көпшілігі діннен алынған. Ендеше, христиандық этика мен ислам этикасын талқылаймыз. Дегенмен этикалық жүйелер дінге негізделген деген принциптердің ымырасыз ерекшелігі бар. Конфуцийлік және конфуциандық этика Азияның кейбір аймақтарындағы мінез-құлық пен мәдениетке ықпалы зор, бірақ конфуцийлікті дінмен шатастырмаған абзал. Кейбір ғалымдар діннің ең маңызды бизнес салдары – әртүрлі діндердің жұмысқа және кәсіпкерлікке деген көзқарастарының қалыптасуында деп топшылайды, сонымен қатар кәсіпкерлік пен діни этиканың дәрежесі бизнес жүргізіп жатқан елдегі шығындарға әсер етеді деп санайды. Дегенмен дін, этикалық жүйелер мен іскерлік тәжірибе арасындағы қарым-қатынастың жалпы сипаты туралы қорытынды жасау қауіпті. Кейбір мамандар қоғамда діни және этикалық жүйелер мен іскерлік тәжірибе арасында қарым-қатынастың болуы туралы пікірталас туғызса да, әлемдегі католиктер, протестанттар, мұсылман, үнді және буддизм дінін ұстанатын халық көп елдерде мұндай көзқарасқа күдікпен қарау керектігін кәсіпкерлік белсенділік пен орнықты экономикалық өсім дәлелдеп отыр.

Христиан діні

Христиандық – 2,20 млрд жуық ізбасары бар әлемде ең кең таралған дін. Олардың басым көпшілігі Еуропа және Америкада тұрады, сонымен қатар Африкада да олардың саны қарқынды өсуде. Христиан діні иудаизмнен бастау алады. Иудаизм сияқты, христиан діні – монотеистік дін. XI ғасырдағы діни бөлінуден кейін екі негізгі христиан ұйымы құрылды: Рим-католик және Православие шіркеулері.

Христиан дінінің экономикалық салдары

Кейбір әлеуметтанушылар христиан дінінің негізгі тармақтары – католик, православие және протестант ішінде протестанттықтың экономикалық салдарының маңыздылығы өте жоғары деп санайды. 1904 жылы танымал неміс әлеуметтанушысы Макс Вебер протестанттық этика мен «капитализм рухының» арасындағы байланысты анықтады, бұл еңбек әлі де құндылығын жоғалтқан жоқ. Ол капитализмнің Батыс Еуропада пайда болғанын және бизнес көшбасшылары мен капитал иелері, сондай-ақ қазіргі заманғы кәсіпорындардың жоғары білікті жұмыс күші мен тіпті жоғары техникалық және коммерциялық дайындығы жақсы қызметкерлердің басым көпшілігі протестанттар екенін атап өтті.

Вебердің пайымдауынша, протестанттық пен қазіргі заманғы капитализмнің пайда болуы өзара байланысты. Ол протестанттық этика ауыр еңбек пен дәулет жинаудың және үнемшілдіктің маңыздылығын баса айтады. Ғалымның пайымдауынша, осындай құндылықтар жүйесі капитализмнің дамуы үшін ауадай қажет. Протестанттар тынбай еңбектенді, үнемі дүние-мүлік жинады. Алайда олардың аскеттік көзқарастары, осы байлықты дүниелік ләззаттар үшін пайдаланудың орнына, оны капиталистік кәсіпорындардың кеңеюіне жұмсау керек деген ой қалыптастырды. Осылайша, кеңею мен инвестицияларды қаржыландыруға жұмсалатын қажырлы еңбек пен капиталды жинақтаудың үйлесімі Батыс Еуропада, одан кейін Америка Құрама Штаттарында капитализмнің дамуына жол ашты.

Ислам дінін – 1,60 млрд жуық адам ұстанады, әлемдегі ең ірі діндердің бірі. Мұсылман күнтізбесі б.д. шамамен 622 жылдары басталған, ал Ислам діні Мұхаммед Пайғамбардың осы сөзді тарата бастаған кезінен, яғни шамамен б.д. 610 жылдардан бастау алады. Мұхаммед өзіне қатысты өршіген қарсылықтан бой тасалау үшін Меккеден шығып, Ясриб оазисті мекеніне қоныс аударды. Кейіннен бұл жер Медина деп аталып кетті. Ислам дінін ұстанушыларды мұсылмандар деп атайды. Мұсылмандар әлемнің 40-тан астам елдерінде көпшілікті құрайды



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 5. Мәдениеттегі айырмашылықтар

және Африканың солтүстік-батыс жағалауынан бастап Таяу Шығыс арқылы, Қытай мен Малайзияның шегарасына дейінгі аумақта орналасқан.

Исламның экономикалық салдары

Құран белгілі бір айқын экономикалық қағидаларды белгілейді, олардың көпшілігі еркін кәсіпкерлікке бағытталған. Ол еркін кәсіпкерлікті қолдайды және сауда мен бизнес арқылы заңды түрде пайда табуды мақұлдады. Исламда жекеменшік құқығын қорғау да қарастырылған, алайда барлық байлық жер әлемді жаратқан және соны иемденетін Алладан берілген игілік деп саналады. Батыстық мағынада қарастырылатындай, мүлікті иемденгендер оның иелері емес, қамқоршылары ретінде саналады. Қамқоршылары ретінде олар мүліктен пайда алу құқығына ие, бірақ алынған пайданы әділ, әлеуметтік жағынан пайдалы және ақылға қонымды түрде пайдалану ұсынылады. Бұл исламның әлеуметтік әділеттілікке қатысты көзқарасын көрсетеді. Ислам өзгелерді пайдалану арқылы пайда табатын адамдарды сынайды. Исламдық көзқарас бойынша, бай және табысты адамдар мұқтаж адамдарға көмек көрсету міндеттерін атқаратын ұжымның бөлігі саналады. Басқаша айтқанда, мұсылман елдерінде пайда әділ жолмен келген болса және жеке пайда үшін өзгелердің мүддесін пайдалану негізделмесе, пайда табуға болады. Сондай-ақ, табысты адамдардың кедейлерге көмектесу үшін қайырымдылық әрекеттерін атқаруы сауап. Бұған қоса, ислам діні өз сөзінде тұруды, алдаудан аулақ болуды және шарттық міндеттерді орындаудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Индуизм

Шамамен 1,10 млрд адам индуизм дінін ұстанады және олардың көпшілігі үнді суб-континентінде мекен етеді. Индуизм 4000 жылдан астам уақыт бұрын Үндістандағы Үнді өзенінің аңғарында пайда болған, бұл оны әлемдегі ең негізгі көне дін етті. Христиандық пен ислам діндерінен айырмашылығы, оның құрылуы белгілі бір адамға байланысты емес. Сондай-ақ, онда ресми түрде бекітілген Киелі кітап немесе Құран сияқты қасиетті кітабы жоқ. Үнділер қоғамдағы дхарма деп аталатын моральдық күш белгілі бір жауапкершілікті қабылдауды талап етеді деп санайды. Олар қайтыс болғаннан кейін реинкарнациялауға немесе басқа денеде қайта тірілуге болатынына, сондай-ақ, әрбір адамның жанының рухани дамуына және кармаға сенеді. Адамның кармасы оның қалай өмір сүретініне байланысты болады. Оның моральдық тұрпаты келесі өмірде қандай қиындықтармен кездесетінін анықтайды. Әрбір жаңа өмірде жанды кемелдендіру арқылы үнділер адамның нирванаға жетуіне, яғни толық рухани кемелділікке қол жеткізе алатынына сенеді, ал бұл одан кейінгі реинкарнацияны қажет етпейді. Көптеген үнділер нирванаға қол жеткізудің жолы – материалдық және физикалық тұрғыдан бас тартудың ауыр сопылық өмірін жүргізіп, өмірді материалдық ізденістерге емес, рухани дамуға арнау деп санайды.

Индуизмнің экономикалық салдары

Протестанттық еңбек этикасын түсіндірген әйгілі Макс Вебер, индуизмге енгізілген аскеттік принциптер протестанттықтағы сияқты мол байлыққа жету үшін кәсіпкерлік қызметті қолдамайды деп мәлімдеген. Оның айтуынша, дәстүрлі үнді құндылықтары адамдарды материалдық жетістіктерімен емес, рухани жетістіктерімен бағалауы тиіс екенін меңгезейді. Үнділер материалдық игілікке ұмтылу нирванаға қол жеткізуді қиындатады деп түсінеді. Сопылық өмір салтына баса назар аудара отырып, Макс Вебер жанқияр үнділер діндар протестанттарға қарағанда кәсіпкерлік белсенділікпен айналысуға аз ұмтылады деп ойлады.

Ұлтшыл және рухани көшбасшы Махатма Ганди үнділік аскетизмнің көрнекті үлгісі болды. Ганди насихаттаған үнділік аскетизм және өзіне сенімділік құндылықтары Үндістанның индустриядан кейінгі экономикалық дамуына кері әсерін тигізді деп тұжырымдаған. Бірақ Макс



Вебердің ескі дәлелдеріне тым қатты көңіл аудармауға тырысу керек. Қазіргі Үндістан – өте серпінді дамып келе жатқан кәсіпкерлік қоғам, ал миллиондаған еңбекқор кәсіпкерлер елдің жылдам дамып келе жатқан экономикасының, әсіресе ақпараттық технологиялар саласының негізін құрайды. Тарихи тұрғыдан алғанда, индуизм Үндістанның касталық жүйесін де қолдады. Адам өміріндегі касталар арасындағы ұтқырлық тұжырымдамасының дәстүрлі үнділерге еш қатысы жоқ. Олар касталар арасындағы ұтқырлыққа рухани даму мен реинкарнация арқылы қол жеткізуге болады деп түсінеді. Егер адам осы өмірде рухани дамуға жетсе, онда ол келесі өмірінде жоғары кастада қайта тууы мүмкін.

Буддизм

Шамамен 535 млн ұстанушысы бар Буддизм дінін б.д.д. VI ғасырда Сиддхартха Гаутама қазіргі Непал жерінде негізін қалады. Ол өзінің телегей теңіз дәулетінен аскеттік өмір салты мен рухани кемелділікке жету үшін бас тартты. Оның жақтастары Сиддхартханың нирванаға қол жеткізгенін, бірақ жер бетіндегі ізбасарларына рухани ағартудың осы күйіне қалай қол жеткізуге болатынын үйрету үшін қалды деп тұжырымдаған. Ол Будда деп танылды, бұл «оянған» дегенді білдіреді. Қазіргі кезде көптеген буддистер Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия, Қытай, Корея және Жапонияда кездеседі. Буддизмге сәйкес, адамдардың азап шегуі рақатқа бөленуге деген ұмтылыстан туындайды. Азап шегудің тоқталуы трансформация арқылы жүзеге асады. Сиддхартха түбегейлі өзгерістің Игілікті сегіздік жолын ұсынды. Бұл дұрыс көзқарас, дұрыс ой, дұрыс сөз, дұрыс іс-әрекет, дұрыс өмір, дұрыс күш-жігер, дұрыс сана, рухани дұрыс шынығу. Индуизмде қолдау табатын касталық жүйені буддизм қолдамайды. Буддизм индуизмнің мадақтайтын экстремистік сопылық мінез-құлықтарын жақтырмайды. Дегенмен үнділер сияқты, буддистер де жалған өмірді емес, о дүниелік өмірді және рухани жетістіктерді мадақтайды.

Буддизмнің экономикалық салдары

Протестанттыққа енген дәулет жинаудың маңыздылығы буддизм тарихында жоқ. Сондықтан буддистік қоғамдарда Вебер тұжырымдаған протестанттық Батыста кездесетін кәсіпкерлік мінез-құлыққа мәдени тұрғыда ерекше көңіл бөлінбейді. Бірақ индуизмнен айырмашылығы касталық жүйені және экстремистік сопылық мінез-құлықты қолдамайды, яғни буддистер қоғамы үнді мәдениетіне қарағанда, кәсіпкерлік белсенділіктің неғұрлым құнды негізі болуы мүмкін екенін көрсетеді. Іс жүзінде, инновациялық идеялар мен кәсіпкерлік әрекеттер касталарға тәуелсіз барлық қоғамда болуы мүмкін, бірақ әрбір мәдениет кәсіпкерлік мінез-құлықтың өзіндік ерекшеліктеріне бағытталған.

Буддизмде қоғамдар тарихи тұрғыда жергілікті жерлеріне берік орныққан. Осылайша экономика жергілікті аумақпен шектелген, ал адамдар арасындағы, мәдениет пен табиғат арасындағы қарым-қатынастар салыстырмалы түрде қолайсыз болған. Қазіргі заманғы экономикада күрделі технологиялар мен ауқымды әлеуметтік институттар адамдар арасындағы бөлініске, сондай-ақ адамдар мен табиғат арасына жік салды. Сонымен қатар, экономиканың өсуі барысында адамзаттың табиғатқа ықтимал әсерлерін түсіну мен болжап-білу қиын. Бұл екі бөлініс Будданың ілімдеріне қарсы келеді.

Конфуцийлік

Конфуцийлік б.д.д. V ғасырда пайда болған, оның негізін Кунг-Футзу қалаған. 1949 жылғы коммунистік төңкеріске дейінгі 2000 жылдан астам уақытта Конфуцийлік Қытайдың ресми этикалық жүйесі болды. 1949 жылдан бастап Қытайда Конфуцийлік этика әлсірегенімен, көптеген адамдар негізінен Қытай, Корея және Жапонияда оның ілімдерін әлі де ұстануда. Конфуцийлік дұрыс әрекет арқылы жанын арашалаудың маңыздылығын үйретеді. Бұл дін емес, сөйте тұра бұл



идеология ғасырлар бойы осынау елдердің мәдениетіне терең енген және сол арқылы миллиондаған адамдардың өміріне әсер етеді. Ол басқалармен қарым-қатынас жасау үшін нұсқаулықтарды белгілейтін кең этикалық кодекс негізінде құрылған. Жоғарғы моральдық, этикалық мінез-құлық және басқаларға деген адалдық ұстанымдар конфуцийліктің негізін құрайды. Оның діннен айырмашылығы, конфуцийліктің тылсым күштермен байланысы жоқ, сондықтан өмір сүрудің жоғарғы тұжырымдамасы немесе о дүниелік өмірдің тұжырымдамасы туралы сыр шертпейді.

Конфуцийліктің экономикалық салдары

Кейбір ғалымдардың пікірінше, протестанттықта Вебердің тұжырымдағанындай, конфуцийліктің экономикалық салдары терең болуы мүмкін, алайда олардың сипаты әр алуан. Олардың негізгі тезисі келесідей: Конфуцийлік этиканың Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея және Тайвань мәдениетіне әсері осы елдерде бизнес жүргізу шығындарын азайту арқылы олардың экономикалық жетістіктерін түсіндіруге көмектеседі. Осыған байланысты конфуцийлік этика жүйесінің үш маңызды құндылығы бар: адалдық, өзара міндеттемелер және басқалармен қарым-қатынастағы ашықтық.

Конфуцийлік ойлауда басшыларға деген адалдық қасиетті борыш – абсолютті міндеттеме ретінде қарастырылады. Конфуций мәдениетіне негізделген қазіргі заманғы ұйымдарда қызметкерлерді ұйым басшыларымен байланыстыратын адалдық пен еңбек күші арасындағы дау-жанжалды азайтуы мүмкін. Құндылықтар жүйесінде адалдықтың қадіріне баса назар аударылған мәдениетте басшылар мен еңбек күші арасындағы ынтымаққа оңай жетуге болады.

Тіл

Елдерді бір-бірінен ерекшелейтін айқын әдіс – тіл. Тіл дегеніміз – тілдесудің ауызша және жазырын құралдары. Сондай-ақ, тіл – мәдениетті айқындаушы сипаттамалардың бірі. Көп жағдайларда, тілді үйрену мәдениетті үйренуге ұйытқы болады немесе керісінше орын алады. Кейбіреулердің айтуынша, адам белгілі бір мәдениеттегі үстем тілді білмейінше, оған бейімделе алмайды.

Сөйлеу тілі

Адамның әлемді қабылдауын тіл қалыптастырады, сонымен қатар мәдениетті де анықтауға көмектеседі. Көптілді елдерде бірнеше мәдениет бар. Канадада ағылшын тілінде сөйлейтін және француз тілдес мәдениеттер бар. Қос қоғамның арасындағы шиеленіс өте жоғарғы деңгейде болуы мүмкін: француз тілінде сөйлейтін аз ғана халықтың елеулі үлесі Канаданың «үстем тілі – ағылшын тілінде сөйлейтіндерден» тәуелсіздігін талап етуде. Көптеген басқа елдерде де осындай құбылысты байқауға болады. Бельгия фламандтық және француз тілдес топтарға бөлінген, осы екі топтың арасында шиеленіс бар; Испанияда өзіндік мәдениеті бар басқатқ қауым испан тілінде сөйлейтін көпшіліктен тәуелсіздік алу үшін он шақты жыл насихат жүргізуде; Жерорта теңізіндегі Кипр аралдарында мәдениеті әр алуан грек және түрік тілінде сөйлейтін халықтар арасында кейде жанжалдар туындап отырады. Нәтижесінде, қазіргі уақытта арал екі бөлікке бөлінген. Тілдік айырмашылықтар мәдениеттегі айырмашылықтарды тудырмайды, бірақ сепаратистік қысымды өршітеді, бұл бағыт етек жаюы мүмкін.

Білім беру

Формалды білімнің қоғамда маңызы зор, әдетте қазіргі заманға қажетті ортаны түрлі тілдерде және түрлі дағдымен үйренеді. Сонымен қатар, формалды білім жастарды қоғам құндылықтары мен нормаларына әлеуметтендіру кезіндегі отбасы рөлін толықтырады.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 5. Мәдениеттегі айырмашылықтар

Құндылықтар мен нормалар тікелей және жанама түрде оқытылады. Мектептерде қоғамның әлеуметтік-саяси сипаты туралы негізгі фактілер үйретіледі. Олар азаматтықтың негізгі міндеттеріне де назар аударады. Мәдени нормалар мектепте жанама түрде оқытылады. Басқаларды сыйлау, үлкенге құрмет, адалдық, ұқыптылық, кешікпеу және тағы басқалары мектептердің «жасырын оқу жоспарының» бөлігі. Бағалау жүйесін пайдалану балаларға жеке жетістіктер мен бәсекелестіктің құндылығын үйретеді. Халықаралық бизнес тұрғысынан, білім берудің маңызды аспектісі – оның ұлттық бәсекелестік артықшылығын анықтайтын рөлі. Білікті және білімді жұмысшылардың бар болуы елдегі ықтимал экономикалық табыстың басты факторы саналады. Сонымен қатар, елде сатылатын өнімдер мен елде пайдаланылатын жарнама лық материалдар түрі елдегі білім берудің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Нақты мысал, халықтың 50%-дан астамы сауатсыз елдерде кітап нарығының қарыштап дамуы екіталай. Ал халықтың тең жартысы оқи алмайтын елдерде өнімнің жазбаша сипаттамасын беретін жарнамалық материалдардың жаппай сатылымға еш әсері жоқ. Мұндай жағдайларда жарнамалық материалдарға сурет қолдану әлдеқайда ұтымды.

Мәдениет және бизнес

Көпұлтты корпорацияларда немесе шет елде бизнес жүргізетін шағын, орта немесе ірі кәсіпорындарда қоғам мәдениеті жұмыс орнындағы құндылықтарға қалай әсер ететіні маңызды. Көпұлтты корпорация немесе әртүрлі елдерде бизнес жүргізетін шағын, орта не ірі компания үшін, қоғам мәдениетінің жұмыс орнындағы құндылықтарға қалай әсер ететіні ерекше маңызды. Басқару процестері мен тәжірибесі жұмысқа байланысты мәдени құндылықтарға қатысты өзгерістерді талап етуі мүмкін. Мысалы, Бразилия мен Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары мен Швецияның мәдениеттері жұмысқа байланысты әртүрлі құндылық қалыптастырса, онда қос елде де бизнес жүргізетін компания осы айырмашылықтарды ескеру үшін басқару процестері мен тәжірибелерін өзгертуі керек.

Индивидуализм пен коллективизм айырмашылығы адам мен оның жора-жолдасы, әріптестері мен туыстары арасындағы қарым-қатынасқа назар аударады. Индивидуалистік қоғамдарда жеке адамдар арасындағы байланыстар еркін және адамдардың жеке жетістігі мен еркіндігі жоғары бағаланады. Коллективизмге ерекше назар аударылған қоғамдарда адамдар арасындағы байланыстар өте тығыз болды. Осылай кеңейтілген отбасы сияқты, адамдар ұжымда қалыптасады және олардың әрқайсысы ұжымның мүдделерін сақтауға тиіс.

Ұзақмерзімді және қысқамерзімді бағдарлардың айырмашылығы елде қалыптасқан мәдениет өз азаматтарының материалдық, әлеуметтік және эмоционалдық қажеттіліктеріне кешіктірілген разылығын қаншалықты дәрежеде қабылдағандығын білдіреді. Ұзақмерзімді және қысқамерзімді бағдар өлшемі елде қалыптасқан мәдениеттің өз азаматтарын материалдық, әлеуметтік және эмоциялық қажеттіліктерінің кеш берілген өтемін қандай дәрежеде қабылдауға мәжбүрлейтінін көрсетеді. Бұл уақыт, тұрақтылық, мәртебе бойынша тәртіп, тұлғаның қорғалуы, дәстүрге құрметпен қарауға және сыйлықтар мен игіліктерді қабылдауға қатысты көзқарастар көрінісі. Осы «құндылықтар» белгісі конфуцийлік ілімдерінен алынған.

Мәдени сауаттылық және бәсекелестік артықшылық

Халықаралық бизнес ұлттық бизнестен өзгеше болады, себебі елдер мен қоғамдар әр алуан. Қоғамдардың бір-бірінен айырмашылықтары бар, өйткені олардың мәдениеттері әртүрлі. Ал қоғам мәдениеті әлеуметтік құрылым, дін, тіл, білім, экономикалық және саяси философиядағы айырмашылықтарға байланысты ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтардың халықаралық бизнеске үш маңызды салдары бар. Біріншісі, мәдениетаралық сауаттылықты дамыту қажет. Мәдени ерекшеліктерді бағалаумен қатар, осындай айырмашылықтардың халықаралық бизнес үшін маңыздылығын естен шығармаған абзал. Екінші салдар – мәдениет пен ұлттық бәсекелестік артықшылықтардың байланысы. Үшіншісі, салдар шешім қабылдаудағы этика мен мәдениет арасындағы байланысты қарастырады.



Мәдениетаралық сауаттылық. Шет елге алғашқы рет шығып жатқан компанияның орасан зор қауіп-қатерлерінің бірі – толық хабардар болмау. Басқа мәдениеттен хабары жоқ халықаралық компаниялардың сәтсіздікке ұшырау мүмкіндігі жоғары. Әртүрлі мәдениеттерде бизнесті жүргізу осы мәдениеттердің құндылық жүйелері мен нормаларына бейімделуді талап етеді. Бейімделу шетелдік фирманың белгілі бір елдегі жұмысының барлық операцияларының қырларын қамтуы мүмкін. Мәмілелерді талқылау тәсілдері, сатушыларға арналған тиісті ынталандыратын төлем жүйесі, ұйым құрылымы, өнім атауы, басқарушылар және қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас, өнімді өткізу тәсілі және т.с.с. түрлі мәдениеттердің айырмашылықтарына сезімтал. Бір мәдениетте жұмыс істейтін нәрсе басқасында жұмыс істемеуі мүмкін.

Толық ақпарат алмау қаупімен күресу үшін халықаралық компаниялар сол мәдениетте жұмыс істеуге көмектесетін жергілікті азаматтарды жұмысқа тарту мәселесін қарастыруы керек. Сондай-ақ, олар өз елдеріндегі басшылардың мәдени ерекшеліктердің бизнеске қалай әсер ететінін білетініне сенімді болу қажет. Басшыларды әлемдік деңгейде әртүрлі мәдениеттермен жүйелі түрде таныстырып отыру, білікті басқарушы кадрларды жұмысқа тартуға көмектеседі. Сонымен қатар, халықаралық бизнес этноцентристік мінез-құлық қауіп-қатерінен үнемі қорғалуы тиіс. Этноцентризм – өз этносының немесе мәдениетінің артықшылығына риясыз сену. Басқа елдердің мәдениетін менсінбеу немесе жек көру этноцентризммен қатар жүреді. Өкінішке орай, этноцентризм кең таралған; көптеген американдықтар, тіпті көптеген француздар, жапондар, британдықтар және басқалары осыған кінәлі.

Мәдениет пен бәсекелестік артықшылық. Осы дәрісте баяндалған тақырыптардың бірі – мәдениет пен ұлттық бәсекелестік артықшылық арасындағы өзара байланыс. Басқаша айтқанда, елдің құндылық жүйелері мен нормалары белгілі бір елде бизнес жүргізушығындарына әсері. Елде бизнес жүргізу шығындары фирмалардың бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру қабілетіне әсер етеді. Басшылық пен еңбек күші арасындағы ынтымақтастық көзқарастарына, жұмысқа және мүдделер төлеміне әлеуметтік құрылым мен діннің ықпал ететінін көрдік. Саналы қоғамдағы қызметкерлер мен менеджерлер арасындағы таптық қақтығыстар бизнесті жүргізу шығындарын көтереді деп айтуға болады. Сол сияқты, кейбір әлеуметтанушылар индуизмнің аскеттік «дүниелік» этикасы протестанттық пен конфуцийлікке енгізілген этика сияқты капитализм үшін қолайлы бола алмайды деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, пайыздық төлемдерге тыйым салатын ислам заңдары елдің банктік жүйесін шектеу арқылы бизнес жүргізу шығындарын көтеруі мүмкін.

Түйін

Соңғы екі дәрісте мәдениет табиғаты мен оның іскерлік тәжірибеге тигізер салдары талқыланды. Дәріс барысында келесі мәселелер айқындалды:

1. Мәдениет – адамның қоғамның мүшесі ретінде бойына сіңірген білім, наным, өнер, мораль, заң, салт-дәстүр және басқа да мүмкіндіктерін қамтитын күрделі құбылыс.

2. Құндылықтар мен нормалар мәдениеттің негізгі құрамдас бөліктері. Олар – қоғамның жақсы, дұрыс және қалаулы деп санайтын абстрактылы идеалдары. Нормалар – белгілі бір жағдайда тиісті мінез-құлықты белгілейтін әлеуметтік ережелер мен басшылыққа алынатын принциптер.

3. Құндылықтар мен нормалар саяси күштер, экономикалық философия, әлеуметтік құрылым, дін, тіл және білім беру факторларына тәуелді. Сонымен қатар, елдің құндылықтары мен нормалары сол елде бизнес жүргізу шығындарына әсер етуі мүмкін.

4. Қоғамның әлеуметтік құрылымы оның негізгі әлеуметтік ұйымдастырылуына жатады. Әлеуметтік құрылымдарды ерекшелейтін екі негізгі аспекті – жеке-топтық өлшеу және стратификация көлемі.

5. Кейбір қоғамдарда жеке тұлға әлеуметтік ұйымдастырылудың негізгі құрастырушы блогы. Бұл қоғамдарда, жеке жетістіктерге баса назар аударылады. Басқа қоғамдарда топ әлеуметтік ұйымдастырылудың негізгі құрастырушы блогы. Дәл осы қоғамдар топтық мүшелік пен топтық жетістіктерді жоғарырақ бағалайды.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 5. Мәдениеттегі айырмашылықтар

6. Іс жүзінде, барлық қоғамдар әртүрлі таптарға бөлінеді. Таптық қоғамдар төмен әлеуметтік ұтқырлық пен стратификацияның деңгейі жоғары. Таптық бөліну деңгейі төменірек қоғамдарда жоғары әлеуметтік ұтқырлық пен стратификация дәрежесі төмен.

7. Дін киелі дүниемен байланысты ортақ сенімдер мен салт жоралғылардың жүйесі ретінде анықталуы мүмкін. Этикалық жүйе мінез-құлықты қалыптастыру мен басқару үшін қолданылатын моральдік принциптер немесе құндылықтар жиынтығын білдіреді. Әлемдегі негізгі діндер христиандық, ислам, индуизм және буддизм. Әртүрлі діни және этикалық жүйелердің құндылықтар кешені іскерлік тәжірибе үшін әртүрлі салдарға ие.

8. Тіл – мәдениет сипаттамасының бірі. Ол сөйлеу және бейвербалды өлшемдерге ие. Бірнеше тілде сөйлейтін елдерде бірнеше мәдениет болады.

9. Формалды білім – адамдар білім мен дағдыларды үйренетін, сондай-ақ, қоғам құндылықтары мен нормаларын біріктіретін орта. Білім ұлттық бәсекелік артықшылықтарды анықтауда маңызды рөл атқарады.

10. Герт Хофстед мәдениеттің жұмыс орнындағы құндылықтармен қалай байланысты екенін зерттеді. Ол әртүрлі мәдениеттерді сипаттайтын бес өлшемді анықтады: билік қашықтығы, белгісіздікті болдырмау, индивидуализм мен коллективизм, ержүректік пен нәзіктік айырмашылығы, ұзақ және қысқа мерзімді бағдар.

11. Мәдениет тұрақты емес; ол дамып отырады. Экономикалық прогресс пен жаһандану мәдени өзгерістердің екі маңызды қозғаушы күші.

12. Шетелге шығатын компаниялар кездестіретін қауіптердің бірі толық мәлімет алмау. Мәдениетаралық сауаттылықты дамыту үшін жаһандық деңгейде жұмыс істейтін компаниялар қабылдаушы елдердің азаматтарын жұмысқа орналастыру, космополиттік басқарушылардан тұратын кадрларды қалыптастыру және этноцентристік мінез-құлықтың қауіп-қатерлерінен қорғануы керек.